

ҚР Прокуратурасы

ЖОЛАН АЙГЕРИМ

ОПЭ 21

Жоспар:

- 1.ҚР Прокуратурасы туралы
- 2.Прокурорлық қадағалау актілерінің міндеттілігі
- 3.Прокуратураның ұйымдық құрылымы
- 4.Прокуратура кадрлары
- 5.Прокуратураның құқықтық актілері

Қазақстан Республикасының прокуратурасы —

Қазақстан Республикасының аумағындағы заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын, жедел-іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқару-орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Прокуратура органдары төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға қатаң бағындыратын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын Парламент сенатының келісімімен қызметке бес жыл мерзімге Президент тағайындайтын Бас прокурор басқарады. Бас прокурордың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.



Прокурорлық қадағалаудың актілері - бұл өкілеттіліктерін іске асыру тәртібінде тек қана прокурорлардың ентізетін өзгеше құқықтық актілері. Бәрімізге белгілі, прокурор қадағалауды іске асыратын мемлекеттік тұлға ретінде әкімшілік билікті иеленбейді, яғни заңдардың орындалуына қадағалауды ол іске асыратын органдарға өкім беруге құқықсыз. Осыған байланысты заңсыз құқықтық аістілерді тікелей өзі бұзуға, заң бұзушылықты қалпына келтіруге, кінәлі адамдарды әкімшілік немесе өзге де жауаптылыққа тартуға құқығы жоқ. Прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес прокурор заң бұзушылықты жою және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту туралы талаптармен құзыретті органдарға өтініш жасай алады.

Анықтау және алдын ала тергеу органдарында заңдардың орындалуына қадағалауды іске асыру кезінде прокурорлар ентізген актілер кейбір өзгешеліктерімен ерекшеленеді. Ұсынымдарды қоспағанда, осы актілер анықтау және алдын ала тергеу органдарын белгілі әрекеттерді атқаруға міндеттейтін тарату сипатына ие болады.

Прокурорлық қадағалау актілері - белгілі фактілерге (заң бұзушылық) байланысты өзге органдарға және лауазымды адамдарға арналған жеке актілер. Прокурорлық қадағалау актісі басқа органның, лауазымды адамның белгіленген заң түрінде ол арқылы реттелуін: оны қарауға, тиісті шаралар қолдануға және оны ентізген прокурорға хабарлауды міндеттейді. Прокурорлық қадағалау актілерін дұрыс жасау, заңда бекітілген прокурорлардың өкілеттіліктерін және олардың негізгі талаптарын дел әрі толық көрсету - заңдардың орындалуына қадағалаудың әрекет етуінің бөлінбес шарттары.

Прокурорлық қадағалау актілеріне қойылатын талаптар:

- **1. Бұл актілердің мазмұны құқық бұзушылықтың сипатына сәйкес болуы тиіс. Мыс: наразылық заңды бұзу арқылы шығарылған актіге қарсы қойылуы тиіс.**
- **2. Қадағалау актілері өз уақытында, қажетті жағдайда шұғыл түрде шығарылуы тиіс, осылайша олардың тиімділігі артады және қажетті нәтижеге қол жеткізеді.**
- **3. Прокурордың түйіндері мен ұсыныстары дәйекті және негізді болуға тиіс. Олар нақтылай деректерден шығуы қажет.**
- **4. Қадағалау актілерінің нысаны мен мазмұны ұйқастығымен байқалуы тиіс. Яғни актілердің нысаны оның мазмұнын ашуы тиіс.**
- **5. Қадағалау актісі заңи тұрғыдан және стилистикалық жағынан сауатты жазылуы тиіс. Егер актілер осы қойылған талаптарға сәйкес болса, олар өз мақсатын орындай алады.**

Прокуратура органдары жүйесінің ұйымдық құрылымы аумақтық-аймақтық принцип бойынша түзілген. Әрбір әкімшілік-аумақтық бөліністе прокуратураның ауданнан бастап барлық тиісті тармақтары бар. Бұған қоса, мамандандырылған прокуратуралар болады-көлік, табиғат қорғау арнайы объектілері прокуратуралары. Олар аудандық прокуратуралардың құқықтарына орай әрекет етеді және өз қызметтерінде тиісті облыстық прокуратураға бағынады.

Мамандандырылған прокуратураларға сондай-ақ түзілісі армияда қабылданған ұйымдар құрылымына сәйкес келетін әскери прокуратуралар да жатады.

Прокуратура жүйесіндегі ең жоғарғы орган - Бас прокуратура. Оны Парламент Сенатының келісімімен бес жыл мерзімге Президент тағайындайтын Бас прокурор басқарады.

Орталық аппарат Бас прокурордың ұсынымы бойынша Президент қызметке тағайындайтын және жұмыстан босататын бірінші орынбасардан, 3-4 орынбасардан, сондай ақ секретариаттан, басқармалардан және бөлімдерден тұрады.



Прокуратура органдарының қызметкерлігіне денсаулығына қарай жұмыс істеуге жарамды, жоғары білімі бар азаматтар қабылдануы мүмкін. Бұрын сотталған, мемлекеттік қызметтен қуылған прокуратура қызметкерлері, құқық қорғау органы, әділет министрлігіндегі қызметкерлер прокуратура органында жұмыс істей алмайды.

Әскери прокурорлар, бұған қоса, әскери қызметшілер болуы керек. Облыстардың және оларға теңестірілген прокурорлардың, аудандық қалалық және оларға теңестірілген прокурорлардың прокурорлығына жасы 25-ке толған, прокуратура органдарында кем дегенде үш жыл еңбек өтілімі бар адамдар тағайындалады. Прокуратура органдарының қызметкерлері үш жылда бір рет аттестациядан өткізіледі. Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына бірінші рет қызметке алынып отырған адамдар ант қабылдайды. Прокурорлық қызметкерлерді аттестациялау олардың істеп отырған қызметіне лайықтылығын немесе сәйкес келмейтіндігін анықтауға, сондай-ақ қызметін жоғарылату, кезекті дәрежелік шен беру жөнінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекеттік билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Олардың:

1. ату құралдарын және оқ-дәрілерді алуға, алып жүруге және сақтауға;
2. Республиканың Бас прокуроры белгілеген тәртіп бойынша қорғануға қажет болған және өте мәжбүр болған жағдайда ату құралын қолдануға құқығы бар.



Прокуратура өз қызметінің барысында атқарылуы міндетті түрлі актілерді қабылдайды. Бұлар — наразылық қаулылар, тапсырмалар, арыздар, санкциялар, нұсқаулар, ұсыныстар, заңды түсіндірме түріндегі прокурордың қадағалау актілері.

Наразылық — оны прокурор мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің Конституцияға, Республика Президентінің заңдары мен актілеріне қайшы келетін шешімдер мен әрекеттеріне байланысты шығарады.

Қаулы — прокурор заңды бұзу сипатына байланысты қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі қаулы шығарады.

Тапсырма — заңның бұзылғандығы айқын және оны тез арада түзетпесе ол мемлекеттің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың немесе азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болған жағдайда беріледі.

Арыз — прокурор заңнамаға сәйкес мемлекеттің, заңды және жеке тұлғалардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру үшін сотқа талап-арызбен шағымдануға құқылы.

Санкция — прокурордың тергеушінің іс-жүргізу әрекетіне берген келісімі.

Нұсқау. Прокурор жедел іздестіру шараларын жүзеге асыратын органның қылмыстық іс қозғауына және қарауына байланысты анықтау және тергеу органдарына нұсқау береді, ол басқа жағдайларда заңнамада белгіленген шарттарға байланысты беріледі.

Ұсыныс. Прокурор өз құзыретінің шегінде заң бұзушылықты жою, қылмыс және өзге де құқық бұзушылық жасауға итермелеген себептер мен жағдайларды болдырмау жөнінде белгіленген заңға сәйкес осы құқық берілген адамдарды қолсұғылмаушылық құқығынан айыру мәселесі жөнінде ұсыныс жасайды.

Заңды түсіндіру. Заңдарды білмеу немесе дұрыс түсінбеу органдардың немесе лауазым иелерінің не азаматтардың дұрыс қолданбауына әкеліп соқтыруы мүмкін деп ойлауға жеткілікті негіз бар жағдайда прокурор заңның мазмұнын, ал қажет болған жағдайда заңды бұзғаны үшін онда қандай жауапкершіліктің көзделгенін түсіндіреді.



«Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы» заңның 18 бабына сәйкес прокуратураның құқықтық актілері екі топқа жіктеледі:

1) Бұл топқа қадағалау актілері кіреді: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс және заңды түсіндіру, үндеу, сақтандыру.

2) Бұл топты прокуратураның өзінің ұйымдастырылуы мен қызметін реттеуші актілерін құрайды. Олардың қатарына: бұйрықтар, нұсқаулықтар, өкімдер, ережелер инструкциялар кіреді. Бұл топтағы актілерді басқаша ведомстволық актілер ретінде атайды.

PAXMET!!!